

Сабақтың эпиграфы



Кіршіксіз таза сақтаңдар,
Қазақтың тілін ғаламат.
Ананың тілі - ардақты
Аманат, саған, аманат.

II Үй тапсырмасын пысықтау



1. Өз ойларынан екі жолдастың әңгімелескенін үйлестіріп жазып келу.
2. Әңгімеде толымды, толымсыз сөйлемдер болу керек.

Үй тапсырмасын бекіту

Ой жинақтау

- Синтаксис нені зерттейді?
Сөйлем дегеніміз не?
Сөйлем құрылысына қарай нешеге бөлінеді?
Жай сөйлем дегеніміз не?
Жай сөйлемнің құрамдық түрлерін ата.
Бастауыштың қатысу-қатыспауына қарай жай сөйлем нешеге бөлінеді?
Тұрлаулы мүшелердің қатысу-қатыспауына қарай жай сөйлем нешеге бөлінеді?
Ойға қатысты сөйлем мүшелерінің қатысу -қатыспауына қарай жай сөйлем нешеге бөлінеді?

Семантикалық кесте

Сөйлемдер	Жақты	Жақсыз	Жалаң	Жайылма	Толымды	Толымсыз
Менің барғым келеді						
-Бұл кітап менікі.						
Таң атты.						
-Менікі.						
Өнерлі өрге жүзер.						
Асан сабақ оқыды.						

Мына сөйлемдердің қандай ерекшелігі бар?

**Жаз. Қайнаған күн. Егіс даласы.
Қара бұйра жер, көк торғын аспан.**



**АТАУЛЫ
СӨЙЛЕМ**

- **«Атаулы» сөзінің мәні.**
- Құрамы: ата+у+лы (түбір зат есім+тұйық етістік жұрнағы+есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ)
- Атаулы күндер
- Атаулы мерекелер
- Атаулы бағалы қағаздар
- Атаулы сөйлем

Сәрсен Аманжолов

Қазақтың көрнекті лингвисті, тілші,
ойшылы, тюрколог ғалым.



- Атаулы сөйлем терминін қазақ тіл біліміне алғаш енгізді.
- 1940 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» деп аталатын еңбегінде С.Аманжолов атаулы сөйлемдерді енгізіп, оларға анықтамалар береді, жасалу жолдары мен түрлерін белгілейді.

Сәрсен Аманжолов:

Атаулы сөйлем шығу жағынан (генетика)
бірінші пайда болған
деп қарауға болады.

Әуелде сөйлем бір-ақ сөзбен айтылған.
Соңғы кездері әр рудың ұраны да
соның қалдығы.

Мысалы: Торғауыт!

(170-бет)

Атаулы сөйлем


Қазақ тілінде атаулы сөйлем бастауыштан ғана жасалып, заттың құбылыстың атын білдіреді.

Атаулы сөйлемде ешқашан да баяндауыш болмайды.

Егер атаулы сөйлемге баяндауышты қосып айтсақ, ол атаулы сөйлем болудан қалады.

Атаулы сөйлемде тұрлаусыз мүшелер, оның ішінде, әсіресе, анықтауыш кездесіп отырады.

Атаулы сөйлем



Атаулы сөйлем


Өзіндік белгілер і

Тұрлаулы
мүшеден
тек қана
бастауыш
болады

Мезгілді,
мекенді
және заттың,
құбылыстың
атын
білдіреді

Жазушы тіліне
ықшамдық,
көркемдік
нәр береді

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМ



АТАУЛЫ СӨЙЛЕМ

ЖАСАЛУЫ

Атау септік тұлғалы зат есімнен
Өмір!

Заттанған сан есімнен
Бес. Бағаң -осы

Сын есімнен
Шыжыған ыстық.

Есімдік
Сол.

Есімше
Күні бойы сарылып үйде отырғаны!

Еді көмекші етістігінен
Жаз **еді**

Атаулы сөйлем

Жұмсалуына
қарай

Бейнелеу
мағыналы
атаулы сөйлемдер

Эмоциялы
атаулы сөйлемдер

Сөгіс, тілек
мағыналы
атаулы
сөйлемдер

Түн. Шалқыған ай.

Күлуін!

Қаңғыған неме!
Өркенің өссін!

Топтық жұмыс

Сызба бойынша
Атаулы сөйлемдерді құрау

I.Зат есім.

II.Заттанған сан есімнен

III.сын есімнен

IV.есімдіктен

Дәптермен жұмыс

- Мына сөздерден атаулы сөйлем құрап көр.
- I.Түн қараңғы.Пәтері Ахметтің.
- II.Ақ дала жамылған қалың қарды.
- III.Аяз сақылдаған сары.Уақыт кешкі.
- IV.Жайлау кең.Ауылы Абай.

Оқулықпен жұмыс

126-жаттығу.

Мәтіннен атаулы сөйлемдерді тауып,
көшіріп жазу.

Мағынасы жағынан нені білдіретінін
анықтау.

Шығармашылық жұмыс

- Жыл мезгілдеріне байланысты берілген суреттерге қарай отырып, шағын эссе жаз.

ҚЫС



KÖKTEM



ЖАЗ



KY3



Сәйкестендіру тесті

-
- Атаулы сөйлем.
- 2.Жалаң сөйлем.
- 3.Жайылма сөйлем.
- 4.Жақты сөйлем.
- 5.Жақсыз сөйлем.
- 6.Толымды сөйлем.
- 7.Толымсыз сөйлем.
-

I.

Жауын жауып тұр.

— Анау Ақбоз сенікі ме?

Түн. Күз. Жайлау.

Бұл өмірден жылап өтпеймін.

Егіншілер егін басында жүр.

Жұмысшыларға келуге болмайды.

Партизандар ұйықтап кетті.

Сәйкестендіру тесті

-
- 1. Атаулы сөйлем.
- 2. Жалаң сөйлем.
-
- 3. Жайылма сөйлем..
- 4. Жақсы сөйлем.
- 5. Жақсыз сөйлем.
- 6. Толымды сөйлем.
- 7. Толымсыз сөйлем.
-

II.

Қоңырау соғылды.
Шәкен жиналыста
үндемеді.
- Асау ма өзі?
Жаз. Қос басы.
Ел тірегі – білімді ұрпақ.
- Күтіп алды олар бізді.
Абайды халық құрметтейді.



Үш қадамды сұхбат

- 1.Сұхбат алушы:Бүгінгі сабағымызда атаулы сөйлем туралы мәлімет алдық.Атаулы сөйлем дегеніміз не?
- 2.Жауап беруші:Іс-оқиғаны баяндамай,тек атап көрсететін жай сөйлемнің түрі.
- 1.Сұхбат алушы:Атаулы сөйлемнің жасалу жолдары қандай?Мысал келтір.
- 2.Жауап беруші:Түн.Тау іші.
- 3.Жинақтаушы:сонымен сұхбаталушы мен жауап беруші арасындағы сұрақ-жауап арқылы атаулы сөйлемнің жасалуы мен ерекшелігі туралы білдік.



Үйге тапсырма

128- жаттығу.